

Келісілді *Бағдат*
«Babi» бөбкжайының
әдіскері Базаралиева.Б.Т

Бекітілді *О.А.*
«Babi» бөбкжайының
директоры Кулахметова.О.А



Тақырыбы: «Алтын күз»
«Ботақан» кіші тобы



Тәрбиеші: **Махамбет.Қ.М**

Тақырыбы: «Алтын күз!»

Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді түсіндіру. Балалардың шығармашылық, қызығушылық қабілеттерін арттырып, ұйымшылдыққа, достыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Барысы: Зал мерекеге сай безендірілген.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық,

Бармысыздар, халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық! Сәлеметсіңдерме, балалар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға «Ботақан» кіші тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар! Әсем музыка ырғағымен балалар залға кіреді. (Өз орындықтарына жайғасады.) Балалар біз бүгін мынадай әсем залға қай мерекені қарсы алуға келдік? «Алтын күз» мерекесін.

Олай болса балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

Күз ханшайымы:

Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным,

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қаныңдар.

Молшылыққа кенеліп,

Шаттық әнге салыңдар.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті. Сізге арнаған балаларымыздың керемет өнері бар.

Би: «Жаңбыр» биі

Күз ханшайымы: Жарайсындар балалар! Өнерлерің өрге жүзсін. Мен сендерге қызықты ойын әкелдім.

Ойын: «Банка жабу» қимылды ойыны.

Тәрбиеші: Күз ханшайымы балалардың өнері ұнады ма?

Күз ханшайымы: Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, сау болып тұрыңдар! Келесі кездескенше аманшылық болсын!

Жүргізуші: Балалар бүгінгі «Арайлы Алтын күз!»-атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Келесі кездескенше Сауболыңыздар!